

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 2 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөнінде Қоғамдық кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 993 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 46, 459-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 993 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 маусымдағы № 1590 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 303 - құжат).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*